ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жыл 20 маусым №7119-24-00-2/6994 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Хасанова,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Асия Куатовна Уйсумбаева дара кәсіпкер
Алтынай Бердібайқызы Орунбасарова дара кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "№1 көпбейінді қалалық аурухана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер Асия Куатовна Уйсумбаева дара кәсіпкерге, Алтынай Бердібайқызы Орунбасарова дара кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы-қанағаттандырылсын.

Жауапкер Асия Куатовна Уйсумбаева дара кәсіпкер (ЖСН 821002400102) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Асия Куатовна Уйсумбаева дара кәсіпкерден (ЖСН 821002400102) мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 20.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.07.2024, судья Хасанова Э. Е., 30.07.2024
7119-24-3-1/6408

Жауапкер Алтынай Бердібайқызы Орунбасарова дара кәсіпкер (ЖСН 960406400012) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Алтынай Бердібайқызы Орунбасарова дара кәсіпкерден (ЖСН 960406400012) мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 20.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.07.2024, судья Хасанова Э. Е., 30.07.2024

7119-24-3-1/6408